

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Күзгі табиғат

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.03.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/25473/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Килыбаева Сандугаш

Мақсаты : балалар өз бақшасы туралы түсініктерін қалыптастыру .олардың тілін дамыту ,сөйлеуге үйрету .Шыдамдылыққа тәрбиелеу .

Көрнекіліктер : Күз мезгілінің суреті, үлестірме материалдар,бүктеме қағазы, құм .Ләпбук кітапшасы

Билингвалды сөздер :Күз осень, Алма — яблока , алмұрт- груша , кызанак-помидор,

Әрекет кезеңі.**Тәрбиешінің әрекеті .****Баланың әрекеті :**

Балалар қимылмен қайталайды .

Біз әдепті баламыз,

Біз ерекше боламыз .

Үйге қонақ келгенде ,

«Сәлеметсіз бе !»,- деп,

Амандасып аламыз .

— Балалар ыдыстан не көріп тұрсыңдар ?

— Ыдыстан құмды көріп тұрмыз .

— Балалар құмның арасынан белгісіз заттар бар екен, бәріміз құмнан не табылады екенін табайықшы.

Балалар құмның арасынан сары жапырақтар тауып алады .

-Балалар мына жапырақтар қай мезгілде болады ?

— Күз мезгілінде болады .

-Балалар , мына суреттен нені көріп тұрсындар ?

-Ағаштар мен сарғайған жапырақтар , сары алмаларды көріп тұрмыз .

-Дұрыс айтасындар балалар ? Бұл көрініс күз мезгілінде болады екен .

Ағаштар, сарғайған жапырақтар туралы әңгіме айту .

Суретке дәлел:

-Ия балалар дұрыс айтасындар суретте күз мезгілі бейнеленген.

-Балалар қазір қай мезгіл ?

-Күз мезгілі

-Ал балалар күз мезгілі қай айдан басталады?

-Күз айлары қыркүйек , қазан , қараша.

-Күз айларында қанша ай бар екен ?

-Үш ай бар екен .

-Дұрыс айтасындар балалар , талаптарыңа нұр жаусын .

Тәрбиеші балаларға дайын үлгідегі суреттерді береді.

Онда балалар күз мезгіліндегі жапырақтардың түстерін ажыратып суретті салады .

Күз туралы жаттауды жаттату .

Күздің салқын самалы ,

Аймалайды маңдайды.

Алып қашып барады ,

Жапырақтарды сарғайған.

Ләпбукпен жұмыс :

Іздену -ұйымдастырушы:

-Өте жақсы балалар күз мезгілі ең бір жақсы – кезеңдердің бірі . Себебі , күзде астық піседі , жемістермен көкөністер піседі , дихандар астық жинайды .

— Балалар жемістер қайда өседі ?

— Жемістер ағашта өседі.

-Көкөністер қайда өседі ?

— Көкөністер жерде өседі .

-Балалар жемістер мен көкөністерді бір- бірінен ажырату арқылы сіздермен ойын ойнаймыз . (бәрі ат салысады) .

Балалар ойын ойнайды.

Ойын: « Кім жылдам » Балалар седепке жемістермен көкөністерді бөлек жинайды бір – бірінен ажыратады .

Тәрбиеші .

Нан қоқымын шашпаңдар ,

Жерде жатса баспаңдар .

Теріп алып қастерлеп ,

Торғайларға тастаңдар .

Балаларға өлеңді жаттатып қасиетін айтады.

Сергіту сәті : (Балалар өлеңге іс- қимыл жасайды)

Тербеледі ағаштар ,

Алдымнан жел еседі .

Кіп -кішкентай ағаштар ,

Үп-үлкен болып өседі .

Үй құсын тап ойыны :

Ойын : Жемістермен көкөністерді жаңылмай аттарын айту .

Рефлексиялық түзетушілік .

Сабақ соңында күз мезгіліндегі ағаштарды бақылау . Мадақтау .

Күтілетін нәтижелер

Күз мезгілінің ерекшелігін – күннің суытып , жапырақтардың сарғайып түсуін **біледі :**

Балалар күн суытқанда жылы киіну керек екенін **игерді:**

Табиғатты аялауды **меңгерді :**